

"Жобаларды іріктеуедің қағидалары мен өлшемшарттарын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін
атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1293 бүйрығына өзгеріс енгізу
туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 19 сәуірдегі № 223 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 19 мамырда № 15133 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 31 шілдедегі № 599 бүйрығымен

Ескеरту. Күші жойылды – КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 599 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заны 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. "Жобаларды іріктеудің қағидалары мен өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1293 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12965 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 29 ақпанды жарияланған) мынандай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Жобаларды іріктеу өлшемшарттарында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Арнайы экономикалық аймақтың қатысуышы ретінде қызметті жүзеге асыруға өтініш берушілердің жобаларын іріктеу мынадай негізгі өлшемшарттардың негізінде жүзеге асырылады:

1) өтініш берушінің банк есепшотындағы (карточканың болмауы туралы) және кредит тарихында болатын толық немесе ішінана ақпарат туралы мәліметтерді қамтитын кредит бюросынан алғынған кредиттік есеп бойынша ақша қозғалысы туралы қызмет көрсететін банктің үзінді жазбасымен расталған банк кредиттері бойынша мерзімі өтіп кеткен берешектің болмауы;

2) тіркеу есебіне қою орны бойынша мемлекеттік кіріс органынан салық және бюджетке төленеттін басқа да төлемдер бойынша берешектің болуы немесе болмауы туралы анықтамасымен расталған салық және бюджетке төленеттін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегінің болмауы".

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестиция комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
- 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;
- 3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;
- 4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Зан департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі*

Ж. Қасымбек